

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ
ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Тақырып

Әл-Фараби өмірі және Отырар өркениеті жайлы

Орындаған: Мухамедкаримова Ақерке

Әбу Насыр Әл-Фараби

Әл-Фараби — әлемге әйгілі ойшыл, пәлсапашы, әлеуметтанушы, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Отырар қаласында туған.

Әлемнің екінші ұстазы болған.




(870-950жж)

ӨМІРІ ЖАЙЛЫ

Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдадта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.



Еңбектері:

Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия.

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің

- "Категориялар"
- "Метафизика"
- "Герменевтика"
 - "Риторика"
 - "Поэтика" •

"бірінші және екінші "Аналитика"

- "Топикасы" және т.б көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды

Философиялық еңбектері

- “Кемеңгерлік меруерті”,
- “Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы”,
- “Мәселелердің түп мазмұны”
- “Ғалымдардың шығуы”
- “Бақытқа жету”
- “Азаматтық саясат”
- “Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері”

Сонымен қатар Әл-Фараби дүниенің мәңгілігін мойындап, танымның болмысқа тәуелділігін растап, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Ол “Ғылымдар тізбегі”, “Бесінші трактат”, “Медицина каноны”, “Қайырымды қала”, “Адам ағзасындағы мүшелер”, “Жануарлар ағзасындағы мүшелердің құрылысы мен қызметі”, “Жануарлар ағзалары”, “Темперамент туралы”, “Риторика”, “Поэзия өнері туралы”, “Бақытқа жол сілтеу”, “Вакуум туралы”, “Теориялық арифметикаға қысқаша кіріспе”, “Болжамдағы геометрияға кіріспе”, “Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс”, “Ғылымдардың шығуы”, “Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарының кіріспелеріндегі қиын жерлерге түсініктеме”, “Фусул ал-мадани”, “Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат” секілді ғылымның барлық саласына арнап еңбектер жазып, көп мұралар қалдырған кемеңгер философ.

Отырар өркениеті

Отырар – ежелгі түрік мемлекеттерінің орталығы

- Отырар отарғасырлық Қазақстанның тек экономикалық және мәдени өмірінің орталығы ғана емес, ғылыми ойынның орталығы болды
- Отырар мен Отырар алқабының мәдениеті Сырдария бойындағы аймақ өміріне әсерін тигізіп тұрды.
- Отырар Ұлы Жібек жолындағы, қытай, еуропалық, шығыс мәдениеттері мен өркениеттері; христиан, мұсылман, зароастризм діндері тоғысқан ірі орталық. Фараб аймағы адамзатқа әл-Фарабиды берді

Назарларыңызға
рахмет!